



Жүйелі
бастама,
оң нәтиже

2-бет



Қосымша білімге
кедергі жоқ

4-бет



«Қансонарда
бүркітші шығады
аңға...»

8-бет



• МЕДИЦИНА

МӘМС-те не жаңалық?

Қазақстанда 3,6 миллионға жуық адам МӘМС жүйесіне қатыспайды. Олардың шамамен 1 миллионы – әлеуметтік жағдайы дағдарыстық (D) және шұғыл (E) деңгейдегі тұрғындар. Яғни, олардың МӘМС жарналарын төлеуге мүмкіндігі жоқ. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап, бұл азаматтар үшін МӘМС жарналарын жергілікті атқарушы органдар төлейді. Осылайша оларға сақтандырылған мәртебесі беріліп, МӘМС аясында қажетті медициналық көмек алады.

Бұдан бөлек, жергілікті бюджет есебінен ресми тіркелген жұмыссыздар үшін жарна төленетін болады. Бұған дейін бұл төлемдер республикалық бюджеттен түсіп келді. Сақтандырылған азаматтар үшін диагностика, дәрігерлердің кеңесі, жоспарлы операциялар, емдеу және оңалту қызметтері МӘМС аясында тегін көрсетіледі. Медициналық көмек алу үшін тұрғылықты жеріңіз бойынша емханаға тіркелу қажет.

Сонымен қатар, онкологиялық скринингтер МӘМС мәртебесіне қарамастан барлық қазақстандық үшін қолжетімді болады. Ал, бұл дегеніңіз ауруды ерте анықтауға берілген үлкен мүмкіндік. Яғни, тегін медициналық көмектің нәтижесінде катерлі ісіктерді дер кезінде әрі тиімді анықтауға болады.

Өз тілшімізден

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Сарыарқаның smart жолы

Өңір өмірінде 2025 жыл көлік инфрақұрылымы үшін қарқынды кезең ретінде есте қалды. Биыл мұнда 637 шақырым автомобиль жолы жаңартылып, республикалық маңызы бар күре жолдардан бастап, ауданаралық бағыттар мен қалалардың ішкерідегі көшелеріне дейін кешенді жөндеу жүргізілді.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Республикалық маңызы бар тасжолдар бойынша қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға басымдық берілген. Заманауи жол жабыны, көпір мен жол өткелдерінің жаңартылуы, интеллектуалды бақылау жүйелерінің енгізілуі алыс-жақын қатынасты жеңілдетіп қана қоймай, транзиттік әлеуетті едәуір күшейтті. Орталық Қазақстан арқылы өтетін негізгі дәліздер жүк тасымалының үздіксіздігіне қызмет етіп, кәсіпкерлер үшін уақыт пен шығынды үнемдеуге жол ашты. Облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда да өзгеріс айқын. Бұрын шалғай саналатын елдімекендерге апаратын бағыттар жаңарып, ауыл мен қала арасындағы байланыс нығайды.

Қалалық деңгейдегі көлік жүйесінде де жаңашылдық бар. Қарағанды мен Теміртау көшелерінде «ақылды бағдаршамдар», цифрлық жол белгілері, қоғамдық көліктің қозғалысын реттейтін ав-



томаттандырылған жүйелер енгізіле бастады. Қоғамдық көлік паркі кезең-кезеңімен жаңартылып, экологиялық талаптарға сай автобустар пайдалануға берілді. Қала тұрғындарының күнделікті тіршілігі жеңілдеп, жолдағы уақытты еселеп қысқарғандығын белгілей кеткеніміз абзал.

Көлік инфрақұрылымына енгізілген жаңа технологиялар өңір экономикасына да серпін сыйлап отыр. Логистика жылдамдап, өндіріс орындары мен сауда нүктелерінің арасындағы байланыс нығайды. Инвестициялық жобалар

үшін қолайлы орта қалыптасып, облыс іскерлік картада бұрынғыдан да тартымды бола түсті. Жүзеге асқан көлік жобалары аймақ кеңістігін «жақындатып», адамдар мен мүмкіндіктерді бір-біріне бұрынғыдан да етене етті. Жол – қазір дамуға апарар даңғыл.

Нақты мысалдар да әсерлі. «Қарағанды-Қарқаралы» тасжолының 200 шақырымы толық жөнделді. Бұқар жырау ауданы, Ғ.Мұстафин ауылында Нұра өзені арқылы жаңа көпір ашылды. Енді Теміртауға жол 40 шақырымнан 12 шақырымға дейін қысқарды. Көлік қозғалы-

сы бұрынғыдан әлдеқайда қауіпсіз әрі жылдам. Бұдан бөлек, Сарыарқаның индустриалды аймағына шығатын жолды қайта құру жұмыстары басталды. Бағыт «Қарағанды-Астана» трассасына қосылып, өңірдің іскерлік әлеуетін арттырады. Жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезеңінде заманауи стандарттар мен технологиялар ескерілуде. Жол жабыны тасымал үшін де, инвестициялық тартымдылық үшін де маңызды нүктеге айналмақ.

➤ 3-бет

• ӨНДІРІС – ӨНІР ӨЗЕГІ

Сандар соңындағы соқпақ

Өндірістік қуаты мен экономикалық әлеуеті тұрғысында орталық облыс – республикамыздағы жетекші өңірлердің бірі. Табиғи ресурстарға аса бай аркасуіер аймақ елдің қолқа жүрегіндей. Ұлттық экономиканың тірек нүктесіне де айналып отыр. Әсіресе, көмір өндіру мен металлургия салаларындағы орны айрықша. Мүмкіндігі толық, адымы кен. Сөзімізді дәйектеп, сабақтай түселік.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көкжиек

Кейінгі шақтағы ресми деректерге сүйенсек, жаһандық экономикалық әртүрлі де әрқилы сын-қатерлеріне қарамастан, өрісті өңір тұрақты өсіммен көңіл қоңштитп келеді. Иә, өнеркәсіп ошақтарының тынымсыз тіршілігі, шахталар мен зауыттардағы қарбалас еңбек экономиканың серпінді дамуының көзайымы екендігі аян. Тек, биылдың қаңтар-қараша айларының қорытындысы аймақ өнеркәсібі бөлек қарқынын айқын аңғартқан-тын. Осы кезеңде өнеркәсіп өндірісінің көлемі, 2024 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда аттай алты пайызға артқан. Кез келген экономиканың күретаыры саналатын тау-кен өндіру саласы да 7,3 пайыздық өсім көрсетсе, өңдеуші өнеркәсіп 5,7 пайызға іркіліссіз ілгерілеген. Қыздықтысы, электр энергиясын өндіру көлемі де 4,3 пайызға ұлғайып, өндірістік сектордың кідіріссіз жұмысын қамтып тастады.

Ал, 2025 жылдың қаңтар-маусым айларында облыстың жалпы өнірілік өнімі 3,7 трлн теңгені құрап, нақты



Суреттер Ж.И. Қолжазба жасаған Арнайым Көкжие

өсім 5,9 пайыз деңгейінде қалыптасты. АҚШ долларына шаққанда (1 доллар шамамен 480 теңге бағамымен) бұл көрсеткіш 7,6 млрд долларға жуықтайды. Сандар сөйледі, дерек дәлелдеді. Қуатты Қарағанды өндірістік әлеуетін сақтап қана қоймай, оны жаңа сапалық деңгейге көтеріп келеді. Экономиканың осындай орнықты өсімі өңірдің ертеңіне деген сенімді бекіте түсті.

Ауыл шаруашылығы да оң серпінінен әсте жаңылмақ емес. Мұндағы жалпы өнім көлемі 493 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,3 пайызға артқан. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1 049 млрд теңге шамасында. Былтырғы теңгерімінде 12,9 пайызға кем болғанымен, сарапшылар мұны уақытша құбылыс ретінде бағалап отыр. Өңірдегі ірі де жоталы жобалардың кезең-кезеңімен іске асуы, инфрақұрылымдық бастамалардың жандануы жыл соңына қарай инвестициялық ахуалды қайта жандандырады деген долбар бар. Жыл соңында облыстағы инвестициялар көлемі 1,5 трлн теңгеге дейін өседі деп болжанады. Ескерерлігі, ауыл мен қала, өндіріс пен агросектор арасындағы осы өзара сабақтастық өңірдің экономикалық келбетін тұтастыра түседі.

➤ 3-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай 13 770,14	10 141,30
		12 ай 27 540,28	20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай 6 141,30	5 891,30
		12 ай 12 282,60	11 782,60

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Каспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнына) балама жазылу жүргізіледі.

Жүйелі бастама, оң нәтиже

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен Жастар ісі жөніндегі кеңестің жыл қорытындысына арналған кеңейтілген отырыс өтті. Жыл бойы атқарылған жұмыстарға жан-жақты талдау жасалып, басым бағыттар айқындалды. Кеңесте жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету, волонтерлік қозғалысты дамыту, ауыл жастарын қолдау, бастамашыл жобаларды ілгерілету және мемлекеттік жастар саясатының тиімділігі талқыланды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жастарды өңірде қалдырудың тетіктері

Биыл облыс үшін жастар саясаты саласында мазмұнды өзгерістер мен жаңа форматтарға толы болды. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың бастамасымен бірқатар маңызды жобалар іске қосылды. Алғаш рет өңірлік деңгейде Сенаттың қолдауымен кәсіби құзыреттерді, сыни ойлау мен стратегиялық пайымды дамытуға бағытталған «Талдау мектебі. Қарағанды» / «Школа аналитики. Қарағанды» жобасы жүзеге асырылғанын атап айту керек.

Сонымен қатар, «Волонтер паспорты» жобасы еріктілер қызметін жүйелеуге мүмкіндік беріп, волонтерлік қозғалысты жаңа сапалық деңгейге көтерді. Инклюзивті «Senim Alanu» жобасы мүгедектігі бар жастардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына жол ашты. «Ұлт қазынасы» дарынды ауыл жастарын қолдауға бағытталса, «Jas fund» шығармашылық бастамаларды қаржыландырудың тетігі ретінде өз тиімділігін көрсетті. Бұдан бөлек, Жастар ресурстық орталығы базасында нашакорлық пен есірткі қылмысының алдын алуға бағытталған фронт-офис өз жұмысын бастады.

Кеңестің күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі – жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету болды. Бұл мәселенің өзектілігін облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ерекше атап өтті.

– Жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету – басым міндеттердің бірі. Пәтер кезегіндегі жас азаматтардың санын ескере отырып, 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспардың сапалы әрі қатаң орындалуын қамтамасыз ету қажет, – деді аймақ басшысы.

Дерекке сүйенсек, биыл қала, аудан әкімдіктері жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңестердің қызмет форматы жаңартылған. Жаңа үлгілік ереже қабылданып,

құқықтық база өзектендіріліп, ведомствоаралық өзара іс-қимыл күшейтілген. Бұл өзгерістер кеңестерді формалды құрылымнан нақты шешім қабылдайтын диалог алаңына айналдыруды көздейді.

Облыстық Жастар ресурстық орталығының директоры Аслан Қабегеновтың айтуынша, қазіргі уақытта Жастар ісі жөніндегі кеңестер облыстың тоғыз өңірінде жұмыс істеп тұр. Қалған қалалар мен аудандарда оларды құруға қатысты ұйымдастырушылық мәселелер шешілу үстінде екен.

Кеңес барысында аймақ басшысы кеңестердің ашық әрі белсенді пікірталас алаңына айналуы қажеттігін атап өтіп, олардың құрамын қоғамдық пікір көшбасшылары, жастар ұйымдарының өкілдері, блогерлер мен шығармашыл жастар есебінен толықтыруды тапсырды. Сонымен қатар, кеңестердің жұмысы туралы нақты әрі дұрыс ақпараттарды бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде кеңінен жариялау қажеттігі де баса айтылды.

Облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Айсұлу Ерниязова жыл қорытындысы бойынша есеп ұсынып, 2026 жылға арналған жоспарларымен бөлісті.

– Бірқатар бастамаларды республикалық деңгейде кеңейту көзделіп отыр. Алдағы жылы «Заң және тәртіп», «Таза Қазақстан» секілді ішкі саясаттың негізгі бағыттарына, сондай-ақ, БҰҰ жариялаған Волонтерлер жылы аясында еріктілік қозғалысты дамытуға басымдық беріледі, – деді ол.

Кеңесте нақты нәтижелер де назардан тыс қалмады. Дерекке сүйенсек, облыста НЕЕТ санатындағы жастардың үлесі 6,5 пайызға дейін төмендеген. «Жасыл ел» еңбек жасақтарына тартылған жастар саны да әжептәуір артыпты. Сонымен қатар, 2025-2028 жылдарға арналған ерте нашакорлықтың алдын алу жөніндегі жол картасы бекітілді.

– 2025 жыл жастар үшін мүмкіндіктер

мен бастамаларға толы, жүйелі шешімдер қабылданған кезең болды. Өріне, шешімін күтетін мәселелер бар, алайда, оларды жетілдіру бағытындағы жұмыс жалғасады, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

«Талдау мектебі», жаңа көзқарас

Жастар кеңесінің отырысында аймақ үшін стратегиялық маңызы бар тағы бір мәселе облыстан жастардың жаппай кету үрдісі көтерілді. Осы тақырыпта нақты әрі дерекке негізделген ұсыныстарды «Талдау мектебі. Қарағанды» жобасының алғашқы легін тәмамдаған түлектер ұсынды.

«Жастар үні» қоғамдық қорының директоры Асылан Смағұлов бастаған команда «Karaganda Vibe: жастар үшін өңірдің тартымды бейнесін қалыптастыру» жобасын егжей-тегжейлі таныстырды. Ұсынылған мәліметтерге сәйкес соңғы бес жылда облыс аумағынан шамамен 100 мың жас көшіп кеткен.

Сарапшылар бұл үрдістің негізгі себептері ретінде сапалы білім алу мүмкіндіктерінің шектеулілігін, кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру алаңдарының аздығын, сондай-ақ, бос уақыт пен креативті ортаның тапшылығын атап өтті.

– Қарағанды десе, көбіне өндірісті өлке бейнесі қалыптасқан. Алайда, бүгінгі жастар үшін бұл жеткіліксіз. Біз өңірдің шахталармен ғана емес, мұғалімдер, дәрігерлер, журналистер, креативті және цифрлық салалардағы мамандарымен де байланыстырылғанын қалаймыз. Мәселен, Қарағанды десе, «Ол – өз ісінің кәсіби шеберлері тұратын аймақ кой» деген көзқарасты қалыптастыруды қалаймыз, – деді Асылан Смағұлов.

Команда өкілдерінің пікірінше, жастардың кету қарқынын төмендету үшін демалыс пен бос уақыт экожүйесін дамыту, креативті индустрияларды жүйелі қолдау, жастарға қолжетімді қоғамдық кеңістіктер қалыптастыру қажет.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Осы бағытта ірі мәдени-фестивальдың жобаларды іске қосу және өңірдің жаңа имиджін қалыптастыру ұсынылды.

Кеңесте ұсынылған келесі ірі бастама – «Smart-серіктестік: өңір экономикасы мен білім беру жүйесінің синергиясы» жобасы болды. Мирас Нұрасамбаев пен Анияр Токмағамбетов әзірлеген жоба өңір өнеркәсібін кадрлармен қамтамасыз ету мәселесіне арналды.

Қазіргі таңда облыс колледждері жыл сайын шамамен 7 мың маман даярлағанымен, олардың жартысынан азы ғана еңбек нарығына бейімделе алады.

– Өнеркәсіп саласы қарқынды түрде цифрландырылып, автоматтандырылған модельдерге көшіп жатыр. Бұл жаңа құзыреттерді талап етеді, ал, білім беру жүйесі бұл өзгерістерге әрдайым ілесіп бермейді, – деді жоба авторлары.

Шешім ретінде Smart-серіктестік моделі ұсынылды. Оған жұмыс берушілердің оқу бағдарламаларын әзірлеуге қатысуы, цифрлық симуляторларды пайдалану, жеке білім беру траекторияларын енгізу, сұранысқа ие дағдылар бойынша қысқа мерзімді модульдік курстар ұйымдастыру сынды жұмыстар кіреді.

Талдау нәтижесінде кадрлық паспорт енгізу, «білім – өнеркәсіп» өзара іс-қимыл орталығын құру, мемлекеттік тапсырысты тапшылығы бар мамандықтарға бағыттау, ересектерді қайта даярлау бағдарламаларын кеңейту және колледждердегі мансаптық сервистерді күшейту секілді нақты ұсыныстар әзірленгенін атап айту керек.

Өз кезегінде ұсынылған бастамалар облыс әкімі тарапынан жоғары бағаланғанын да атап өткен жөн.

– Қысқа уақыттың ішінде мазмұнды әрі сапалы нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл жобаларды жүйелі түрде жалғастырып, жаңа легін қалыптастыру қажет. Әсіресе, Қарағанды десе, «Ол – өз ісінің кәсіби шеберлері тұратын аймақ кой» деген көзқарасты қалыптастыру идеясы көңілге қонымды екен, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сонымен қатар, облыс әкімі қала және аудан әкімдеріне түлектер ұсынған ұсынымдарды жастармен жұмыс барысында пайдалануды мұқият тапсырды.

Айта кетейік, «Талдау мектебі. Қарағанды» жобасы Сенаттың қолдауымен жүзеге асырылып, өңірде алғаш рет дербес аналитикалық алаң ретінде іске қосылып отыр. Аналитикалық кадрларды даярлау орталығын құру бастамасын Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев қолдаған-тын. Жоба жастардың аналитикалық ойлауын, сыни пайымын және стратегиялық жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Кеңес барысында бұл оң бастаманың қысқа уақыт ішінде өз жемісін бере бастағанын да, атап айтуға тұрарлық нәтиже.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӘЛЕУМЕТ

Көптен күткен қуаныш

Абай ауданында тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамту бағытында жүйелі жұмыстар жалғасын тауып келеді. Күні кеше аудан орталығында кезекте тұрған 38 отбасыға жаңа пәтердің кілті салтанатты түрде табысталды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аудан басшысы Оспан Сәбитовтың айтуынша, тұрғын үй турасындағы түйткілдің түйіні уақыт озған сайын тарқатылуда. Бүгінде тұрғын үйлерді бөлу құзыреті «Отбасы банкке» беріліп, бұл үдерістің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр. Биыл ауданда 80 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға беріліп, сонымен қатар, жеке құрылыс салушылардан 129 пәтер сатып алынған.

Айта кетейік, 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту жобасы аясында салынған бес қабатты, 80 пәтерлі тұрғын үй Абай қаласының 30а шағын ауданында орналасқан. Аталған пәтерлер ипотекалық несиелеу бағдарламалары арқылы тұрғындарға ұсынылуда.

– Көптен күткен пәтерімізге ие болып, көңіліміз шат болды. Енді екі отбасыға арналған жер үйде тұрамыз. Бұл үйлердің қалай салынып жатқанын көріп жүріп, бір күні бізге де бұйырар ма екен деп армандап едік. Мұнда жолдар асфальтталған, орталық жылу мен көріз жүйесі бар, пәтердің жобасы да ыңғайлы. Балаларымызмен бірге жайлы өмір сүреміз, – деді жаңа қоныс иелерінің бірі, көпбалалы ана Айжан Жүкенова.

Сондай-ақ, Жәніс даңғылындағы №7/2 бес қабатты тұрғын үй мен Толағай тұйығындағы бір қабатты үйлер жеке құрылыс салушылардан сатып алынып, әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға бөлінді.

Ал, Абай қаласының тұрғыны Дидар Ысқаков «мүгедектігі бар тұлға» санаты бойынша сегіз жыл бойы кезекте тұрған.

– Осы уақытқа дейін жалдамалы пәтерде тұрып келдім. Қазір оның бағасы тым қымбат. Жаңа жыл қарсаңында үйге ие болғанымызға бек қуаныштымыз. Елде әрдайым бейбітшілік пен береке болсын, – деді жаңа қоныстанушы.

Абай ауданында тұрғындарды қолжетімді әрі жайлы баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады.

Заң үстем болуы тиіс

Қоғамдағы тұрақтылық пен дамудың басты тірегі – заң үстемдігі. Ал, заңның өмірде нақты жұмыс істеуі, ең алдымен, азаматтардың құқықтық сауаттылығы мен мемлекеттік институттарға деген сеніміне тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, облыс аумағында жүзеге асып жатқан «Заң және тәртіп» идеологемасы – жалаң ұран емес, нақты мазмұнға ие жүйелі саясаттың көрінісі. Соның жарқын дәлелі – аймақта тұрақты түрде өткізіліп келе жатқан «Құқықтық тәртіп әліппесі» акциясы.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімдігінде облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденейдің төрағалығымен өткен кезекті іс-шара мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыруға, қоғам мен билік арасындағы өзара сенімді нығайтуға және құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталды. Акция Қарағанды облысының прокуратурасы жанындағы Жобалық кеңсенің бастамасымен ұйымдастырылып, бұл құрылым жүргізіп отырған кешенді әрі ұзақмерзімді жұмыстың бір бөлігі ретінде өтті.

Ауқымды шараға облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, қоғам белсенділері, жастар көшбасшылары, Jastar Ruhu жастар ұйымының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары мен блогерлер қатысып, мемлекеттік басқару жүйесінің ішкі жұмысымен тікелей танысты. Мұн-



дай формат мемлекеттік органдардың жабық кабинеттен шығып, қоғам алдында есеп беруге дайын екенінің айқын белгісі екенін айта кеткен жөн.

Іс-шара барысында Қарағанды облысы прокурорының орынбасары Еділ Жұбанов бастаманың мазмұндық мәніне ерекше тоқталды.

– Бүгін біз «Құқықтық тәртіп әліппесі» акциясын облыс әкімдігінің алаңында жалғастырып отырмыз. Бұл бастама «Заң және тәртіп» тұжырымдамасының негізгі мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған. Атап айтқанда, заң үстемдігін нығайту, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және азаматтардың билікке деген сенімін арттыру – басты басымдықтарымыз, – деді ол.

Біз бүл нәтижелі жұмыстан «Құқықтық тәртіп әліппесі» акциясының сөзбен ғана

шектелмей, құқықтық сананы жаңғыртуға бағытталған жүйелі саясаттың бір бөлігі екенін аңғарамыз.

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей акцияның қоғамдық кеңістікте кең қолдау тауып отырғанын атап өтті.

– Әлеуметтік желілерде жарияланған материалдарда құқық қорғау органдарының азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы нақты жұмысы көрініс табаду. Бұл халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыруға тікелей әсер етеді, – деді ол.

Ал, заманауи коммуникация құралдарының билік пен қоғам арасындағы байланысты күшейте түсудегі маңызын айқындайтын маңызды фактор екені сөзсіз.

Акция аясында қатысушылар үшін облыстық деңгейдегі алты басқарманың есігі айқара ашылды. Атап айтқанда,



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыпсіз Қазақстан үшін!

құрылыс және сәулет, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және энергетика, ауыл шаруашылығы, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, сондай-ақ, денсаулық сақтау басқармалары өз қызметінің бағыттары мен нақты жұмыс тетіктерін таныстырды. Депутаттар бастаған топ алтыға бөлініп, атқарылып жатқан жұмыстарға қанықты.

Акцияның басты ерекшелігі де сол – көшпелі форматтағы іс-шаралардың кең қамтылуы. Қатысушылардың бір тобы қалалық Мансап орталығының жұмысымен танысып, мемлекеттік бағдарламалар мен гранттар арқылы қолдау алған тұрғындармен тікелей пікір алмасты.

Сонымен қатар, емханалар мен жедел медициналық жәрдем қызметтеріне барып, медициналық қызмет көрсету жүйесінің нақты қалай жұмыс істейтінін көзбен көрді. Бұл халыққа көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын қоғамдық бақылау арқылы бағалауға мүмкіндік берді.

Бұдан бөлек, бағдарлама аясында қатысушылар өңірдің өндірістік және сауда әлеуетін де бағамдады. Атап айтқанда, резеңке-техникалық бұйымдар өндіретін «Polymet Solution Corporation» ЖШС зауытында, «TEEZ» электрондық маркетингінің қоймаларында, сондай-ақ, тұрақтандыру қорына сатып алынған азық-түлік сақталатын «Сарыарқа» ӘКҚ» АҚ-ның қойма кешенінде болды.

Сонымен қатар, мектеп құрылысы жүріп жатқан білім беру нысандары мен мемлекеттік архив ғимаратының қайта жаңғырту жұмыстарының барысы таныс-

тырылды. Бұл – бюджет қаражатының мақсатты жұмсалудың қоғамдық бақылау тетіктері арқылы көрсетуге бағытталған нақты кадам.

– «Құқықтық тәртіп әліппесі» секілді ашық форматтағы акциялар мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл азаматтар мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтып қана қоймай, заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтауға қоғамның белсенді қатысуына жол ашады, – деп атап өтті облыстық мәслихаттың депутаты Меуреш Башай.

Сарапшылардың бағалауынша, мұндай бастамалар өңірде құқықтық мәдениетті қалыптастырудың, заңға бағыну қағидаттарын орнықтырудың және азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін саналы түрде ұғынуының тиімді құралына айналууда.

Қарағандыда жүзеге асып жатқан «Құқықтық тәртіп әліппесі» – құқықтық мемлекет қағидаттарын күнделікті өмірге енгізудің нақты үлгісі. Бұл бастама заң мен тәртіпті тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ құндылығына айналдыруға бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланатынын атап айту керек.

Қорытынды отырыста басқармалардың жұмысымен танысқан халық қалаулылары мен Қоғамдық кеңес мүшелері, қоғам белсенділері пікірін ортаға салып, ұсыныстарын назардан тыс қалдырмады.

Сурет ұйымдастырушылардан

Сандар соңындағы соқпақ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер өңірдегі ахуалдың салыстырмалы түрде тұрақты екенін аңғартады. Үшінші тоқсанда жұмыссыздық деңгейі 4 пайыз шамасында қалып, еңбек нарығындағы теңгерім сақталып отыр. Орташа айлық атаулы жалақы 410 314 теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 9,4 пайызға өсті. Табыс деңгейінің біртіндеп артуы халықтың тұрмыс сапасына оң әсер еткенімен, инфляциялық қысым да назардан тыс қалған жоқ. Қараша айында инфляция 112 пайызды құрап, азықтүлік бағасы 12,3 пайызға қымбаттады. Сауда саласы қалыпты, байыпты қарқынмен дамып келеді. Қаңтар-қарашада бөлшек сауда айналымы 1 639 163 млн теңгеге жетіп, 1,3 пайыздық өсім көрсетті. Ал, көтерме сауда көлемі 2 828 598 млн теңге шамасында.

Тыныс

Жалпы алғанда, бүгінгі таңда өңір экономикасының өсімі 5,3 пайызды құрап отыр. Алдағы меже – 7 пайыздық өсімге қол жеткізу. Мақсат – өндіріс пен инвестиция, еңбек пен нарықтағы нақты қозғалыстарға негізделуде. Көшелі көрсеткіштер республикалық үрдіспен де үндес. Жылдың 11 айының қорытындысында Қазақстан экономикасы 6,4 пайызға өсті. Демек, Қарағанды облысы елдік экономикалық арнаның ішінде өз қарқынын сақтап қана қоймай, өсімнің алдыңғы легінде келеді. Соны серпін ұлттық экономиканың тұтастай дамуына сүбелі үлес қосып, алғы кезеңге сенімді бекітті.

Өңір экономикасы өнеркәсіп тұрғысында елде үшінші орынға ие. Қарағанды көмір бассейні – еліміздегі кокстелетін көмірдің негізгі жеткізушісі. Аймақта мыс, алтын, молибден, мырыш, қорғасын



және басқа да пайдалы қазбалар қоры мол. Биыл көмір өндірісі 15 пайызға өсіп, 6,2 млн тоннаға жетті. Металлургия мен машина жасау саласында да өңір көшбасшы. Болат өндірісінде бірінші орын, қара металлургия 13,8 пайызға өсіп, машина жасау 21,6 пайыздық серпінімен дамып келеді.

Бірақ, өңір тек ауыр өнеркәсіппен шектелмейді. Тамақ өнеркәсібі, фармацевтика, химиялық және жеңіл өнеркәсіп те кең тыныс алып тұр. Фармацевтика 34,6 пайыздық өсу көрсетіп, медициналық өнімдердің ел ішіндегі қажеттілігін толықтай қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығы да дамудан шетін қалмайды. Қартон өсіруде екінші орын, жұмыртқа өндірісінде үшінші, ал, дәнді дақылдар бойынша төртінші орын.

Адым

Қарағанды – өткен мен бүгіннің, өндіріс пен табиғаттың, адам

еңбегі мен тарихи мұраның бір-бірімен біте қайнасып, үндескен өңірі. Жоспарланған 120 инвестициялық жобаның 29-ы іске асырылмақ. Жалпы құны – 173 млрд теңге. Жоталы жобалар тау-кен өндіруден бастап, өңдеу, машина жасау, резеңке және пластмасса өндірісіне дейінгі салаларды қамтиды. Ең бастысы, баянды бастамалар 20 000-нан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Qamet компаниясы 2028 жылға дейін 1,6 трлн теңге инвестиция салып, өндірісті табиғи газға көшіру, цифрландыру және жаңғырту жұмыстарын жүргізетін болады. Ал, өндірісті аймақ «Саранда» келер жылы жүк көліктері мен техника шығаратын зауыттар (Howo, Sitrak, Shantui) іске қосылады.

Арқа алабы шағын және орта бизнесті қолдауда да белсенді. 2025 жылы өңірге 14,5 млрд теңге субсидия мен гранттар бөлінген. Бөлшек саудадағы салық мөлшері

2%-ға төмендетілген. Мұның өзі кәсіпкерлікті дамытудың нақты көрінісі. Әрбір жаңа дүкен, цех немесе қызмет көрсету орны – жергілікті халық үшін жаңа мүмкіндік. Туризм мен көлік саласы да даму үдерісінен кенде емес. Жүк айналымы 6,1 пайызға, жолаушылар тасымалы 11,2 пайызға артқан.

...Топырақ қана тозбайды. Бір қарағанымызда осы киелі қара жердің қойнауы, шахталардың терең туннелінде, қара алтынның ізі де, байыз тапқан шежіре де шөгіп жатыр. Сан сөйлейді, өсім өрлейді. Инвестиция игілік әкелуде. Асқаралы айсертгітін ұшындай болып. Еңсегей елдің таңдауы – даму. Өсім өткелінде асу бермес асу да, мақам мен мазмұн да, талығу мен жалығу да, тактика әрі стратегия, ерте есейткен еңбек те, қамығу мен танығу да қат-қабат жүреді. Тінінің тегін, қаражатының себін жетік білген мұндағы ел өткен-айына да әнтек қарай сала, ертегідей ертеңіне еңбек етуге дағдыланғалы қашан. Өзін-өзі өгіздей өрге сүйремесе, өркениеттен опык жейтіні ақиқат. Тек жақсы болу керек, өзге нұсқа жоқ! Ерік пен жігердің жеңісі әл-әзір осындай рауіште. Көкжиекке көз тіккен өңір үшін әр күн – сынақ, әр қадам – салмақ. Сын сағатта сыр бермей, қайшылықты сәтте саспау осы жұрттың жаратылысы ма дерсіз. Қарағандының күші де, құдіреті де осында. Тұйыққа тірелмеген еңбеккер аймақ арманы – асқар. Шуақты мақсатын қуатты іске ұластырған Қарағанды жеті жаһан желісінде тізгін ірікпейді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖОБА

Ауыл амандығы ортақ

Облыста ауылдық елдімекендердегі өрт қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған маңызды жоба жүзеге асырылып жатыр. Осакаров ауданына қарасты Жұлдыз ауылында жаңа ерікті өрт сөндіру бекеті өз жұмысын бастады. Бұл бастама жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен қолға алынған «Ауыл құтқарушылары» ведомстволық бағдарламасы аясында іске асырылуда.

Жаңа бекеттің басты мақсаты – ауылдық жерлерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайларға жедел әрекет ету және елдімекен тұрғындарының өмірі мен мүлкін қорғау. Статистикаға сүйенсек, ауылдық аумақтарда өрт оқиғалары көбіне алғашқы минуттарда дер кезінде әрекет етудің болмауынан үлкен шығынға әкеп соғады. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін өңірде ерікті өрт сөндіру құрылымдарын дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Жұлдыз ауылында ашылған жаңа пункт тәулік бойы қызмет етуге қажетті барлық құрал-жабдықтармен толық қамтылған. Бекетте заманауи өрт сөндіру автоматтары, инженерлік техника, байланыс құралдары бар. Бұл кез келген төтенше жағдай кезінде жедел шешім қабылдап, алғашқы минуттарда-ақ әрекет етуге мүмкіндік береді.

Өрт техникасы арнайы жабдықталған боксқа орналастырылған. Сонымен қатар, бекет қызметкерлері үшін демалыс бөлмесі, асүй және тұрмыстық бөлмелер қарастырылған. Бұл кезекшілік режимінде жұмыс істейтін мамандардың қызметіне қолайлы

жағдай жасауға бағытталған.

Бекеттің ашылу салтанатына төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері мен жергілікті атқарушы

билік өкілдері қатысты. Жауапты тұлғалар ауылдық жерлерде мұндай бекеттердің маңыздылығын атап өтіп, алдағы уақытта өңірде осындай нысандардың санын арттыру жоспарланып отырғанын жеткізді.

Мамандардың айтуынша, жаңа құрылым тек өрт сөндірумен ғана шектелмей, тұрғындар арасында алдын алу жұмыстарына, түсіндіру-насихат шараларына да басымдық береді. Бұл өз кезегінде өрттің алдын алуға, қауіпсіздік мәдениетін

қалыптастыруға ықпал етеді.

Жалпы, «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы – ауыл халқының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі қадам. Жаңа бекеттің іске қосылуы төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге, олардың салдарын барынша азайтуға және ең бастысы – ауыл тұрғындарының өмірін қорғауға мүмкіндік береді.

Өз тілімізден



Сарыарқаның smart жолы

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Сарыарқа» әуежайына кіретін учаскелерде қар басу қаупі жоғары жолдарға композиттік қар ұстайтын қоршаулар орнатылды. «Саран-Шахтинск» трассасында салмақты тіркейтін автоматтандырылған жүйе енгізілді. Жүк көлігі жолға шықпас бұрын өз салмағы бойынша бақыланады. Әуежай толыққанды карго-терминалға жаңартылып жатыр. Оның жылдық өткізу қабілеті 50 мың тонна жүкке дейін жетеді. Сол үшін Қарағанөзек стансасынан «Сарыарқа» әуежайына дейінгі 25 шақырымдық теміржол тармағын салу бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу жұмыстары басталды. Осылайша, әуежай мен теміржол арасындағы байланыстың тиімділігі едәуір артады. Сол сияқты Балқаш әуежайының ауқымды реконструкциясы жалғасуда. Модернизациядан кейін әуежайдың өткізу қабілеті 30%-ға артпақ.

Автопаркты жаңарту мақсатында 195 жаңа автобус сатып алынды. Жаңа автобустар экологиялық талаптарға сай заманауи технологиялармен жабдықталған. Сондықтан, жолдағы қозғалыс жайлылығы мен қауіпсіздігі едәуір жақсарады. «ONAY!» жүйесі серіктес қалаларға енуде. Биыл бұл жүйе Шахтинск қаласында енгізілді.

Кез келген адам – мәңгілік жолаушы. Әр қадамында жанының таңдауы жатыр. Өзгеріс лебі едел-жедел ауысымдар дауылына ұласқан қауырт шақта жердің темір тамырлары адам тағдырымен біте қайнасты осы күні. Технократты толқын әсте толастар емес. Бұрнағы сіз бен біз көріп үлгерген қиындық атаулысы буалдыр мұнарға сіңген. Тігісі жатық тегіс асфальт жол, өзен үстінен төселген көпір, зеңгірде қалықтаған үміт қанатындай әуежай бүгінгің байғазысы.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан



• САҚТАНСаң, САҚТАЙДЫ

Кезек күттірмейді

Нұра ауданында өңір басшысы Бақытжан Мұқановтың төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Кеңесте қыраулы қыстан қиналмай өту, ауданның тұрғын үй секторларында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолдар мен аумақтарды күтіп ұстау, сондай-ақ, алдағы көктемнің су тасқыны кезеңіне дайындық мәселелері қаралды.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиын барысында ауданның төтенше жағдайлар бөлімі қыс мезгілінде өрт қауіпсіздігін сақтау бағытында атқарылып жатқан жұмыстар, тұрғындар арасында жүргізілетін профилактикалық шаралар, эвакуациялық пункттердің дайындығы туралы баяндады. Аудан әкімі мереке қарсаңында өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау қажеттігін атап өтіп, жауапты органдарға болуы мүмкін апаттардың алдын алу шараларын күшейтуді тапсырды. Сонымен қатар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы өзекті мәселелер талқыланып, көпқабатты тұрғын үйлердің ауаларын қардан тазалау, өрт сөндіру техникасының еркін өтуіне кедергі келтіретін бөгеттерді жою жөнінде нақты тапсырмалар берілді. Бұл жұмыстарды полиция және тұрғын үй инспекциясымен бірлесіп жүргізу қажеттігі айтылды.

Кеңес аясында аудан аумағындағы автомобиль жолдары мен көпірлерді қыста күтіп ұстау, жол тазалайтын техни-

калардың дайындығы, инертті материалдар қоры, су өткізу құрылыстарының жағдайы қаралды. Жол қызметін көрсететін ұйымдарға қысқы маусымда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстарын үздіксіз жүргізу тапсырылды. Жиынның соңында төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссияның 2026 жылға арналған жұмыс жоспары қаралып, бекітілді. Өңір басшысы және төтенше іс-шараларды белгіленген мерзімде және толық көлемде орындауды тапсырды, сондай-ақ, ауылдар мен кенттердің әкімдеріне су тасқынына әзірлікті қыс мезгілінен бастап жүргізу қажеттігін қатаң ескерті. Бақытжан Мылтықбайұлы кеңесті қорытындылай келе, қысты және ықтимал төтенше жағдайларды қауіпсіз өткізу үшін барлық жауапты қызметтер үйлесімді әрі жедел жұмыс істеуі маңыздылығын атап көрсетті.

Сурет Нұра ауданы әкімдігінің баспасөз қызметінен

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Қосымша білімге кедергі жоқ

Бүгінде елімізде балаларға қосымша білім беруді қолжетімді әрі ашық етуге бағытталған бірнеше жоба жүзеге асып келеді. Соның бірі – бюджет қаржысын тиімді жұмсауға негізделген бірыңғай мемлекеттік тапсырыс. Колдаудың бұл жаңаша тәсілі балалардың спортпен шұғылдануына, шығармашылығын шыңдауына сеп. Осыған орай, өңірде пилоттық жобаның іске асу барысымен жақынырақ танысып қайттық.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба Мәдениет және ақпарат, Туризм және спорт, Цифрлық даму, сондай-ақ, Оқу-ағарту министрліктерінің биылғы мамырдағы бірлескен бұйрығына сәйкес енгізілген. Бұл жүйенің аясында бұрынғыдай қағазбастылықты азайтып, үйірмелерді онлайн форматта тандауға, ал, балаларды нақты қызығушылығы бойынша бейімдеуге мүмкіндік жасап отыр. Бірыңғай мемлекеттік тапсырыс тетігінің басты ерекшелігі – баланың қызығушылығы мен тандауы алдыңғы орынға шығады. Әр балаға бір ваучер беріледі және ата-ана сол ваучер арқылы үйірмені өз қалауына қарай тандай алады. Барлық тіркеу мен қабылдау үдерісі онлайн платформа арқылы жүзеге асырылады.

– Мемлекеттік тапсырыс бөлімі биыл ашылды. Талапқа сәйкес әр балаға кемінде 2,5 шаршы метр жер телімі қарастырылған. Үйірмелердегі топ саны мен сағат көлемі нақты бекітілген. Бір топта 8-ден 16 балаға дейін қабылданды. Егер топ толса, бала басқа топқа ауыстырылады немесе ата-ана баласының қалауы бойынша үйірмені өзгерте алады. Құжат қабылдау да белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Ерекше қажеттілігі бар балалар үшін платформада арнайы санат қарастырылған, – деді «Сарыарқа дарыны» қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығы басшысының орынбасары Айгүл Хамзеқызы.

Бұл жоба ата-аналарға да, қызмет көрсетуші ұйымдарға да бірдей қолайлы. Жүйенің ашықтығы мен цифрландырылуы балаларды қамтуды арттырып, қосымша білім беру саласындағы қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

«Спорт және мәдениет лигаларының корпорациясы» қоғамдық бірлестігі де бірыңғай мемлекеттік тапсырыс аясында балаларға спорт бойынша қызмет көрсетіп келеді. Мұнда спорттық гимнастика мен жүзу секциялары жұмыс істейді. Қазіргі таңда аталған бағыттарда 322 бала бар.

– Біз мемлекеттік тапсырыс аясында 2021 жылдан бері жұмыс істеп келеміз. Қазір бұл жүйе бірыңғай платформаға көшіп, нормативтік талаптар да жаңарды. Енді әр балаға бір ваучер беріледі және ол мүмкіндікті 4 жастан бастап пайдалануға болады. Біздің орталықта балалар 5 жастан 18 жасқа дейін тегін спортпен шұғылдана алады, – дейді ұйым басшысы Парвиз Мамедов.

Мұнда спорттың 16-ға жуық түрі қамтылған. Олардың қатарында жүзу, гимнастика, футбол, футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, үлкен теннис, таэквондо, дзюдо секілді бірнеше бағыттар бар. Сонымен қатар, ерекше қажеттілігі бар балалармен де жүйелі жұмыс жүргізіледі.

«Ваучерлік жүйе енгізілген соң балалар саны күрт артты. Әйткенмен, іріктеу жұмыстарын да жіті жүргіземіз. Саннан гөрі



сапа маңызды. Кейбір балалар бір-екі рет келіп, ықыласы болмаса, қояды. Бірақ, олардың орнын ниетті балалар басады. Біздің мүмкіндігіміз жеткілікті, сұраныс артса, тағы да қабылдауға әзірміз», – деді ұйым басшысы.

Бірыңғай мемлекеттік тапсырыс аясында табысты жұмыс істеп отырған келесі бір нысан – «Несіпбаева» жеке кәсіпкерлігі. Мұнда да балаларға арналған шығармашылық және білім беру бағытындағы үйірмелер жұмыс істейді. Атап айтқанда, бейнелеу өнері, мүсіндеу, домбыра, компьютерлік графика, анимация және мультипликация сабақтары өтеді.

– Бүгінде біздің үйірмелерге 450-ге жуық бала тұрақты түрде қатысады. Біздің шығармашылық ұйымның ерекшелігі де сол, біз көркемдік-эстетикалық бағытта



жұмыс істейміз. Балалар сурет салады, мүсіндейді, ұлттық аспапта ойнауды үйренеді, сонымен қатар, заманауи цифрлық бағыт – компьютерлік графика мен анимацияға да ден қойып отыр. Жас ерекшелігі де ескеріледі. Бейнелеу мен

мүсіндеу – 4 жастан, домбыра – 6 жастан, ал, компьютерлік графика 10 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған, – дейді кәсіпкер Юлия Несіпбаева.

Бірыңғай мемлекеттік тапсырысқа көшу ұйым жұмысына ай-

тарлықтай өзгеріс әкелген. Құжат айналымы жеңілдеп, цифрлық платформа арқылы есеп жүргізу бір ізге түсті.

«Қазір ваучер беру үдерісі жүріп жатыр. Кейде сайтта техникалық кідірістер болады, бірақ, қолдау қызметі арқылы мәселелер жедел шешіледі. Жалпы алғанда, жаңа платформа функционалдық жағынан әлдеқайда ыңғайлы. Табельдер автоматты түрде толтырылады, бұл біздің әкімшілік жұмысымызды жеңілдетті. Ата-аналар үшін де ыңғайлы әрі ашық жүйе қалыптасты», – дейді ол.

Мекеме басшысы мемлекеттік қолдаудың әлеуметтік маңызын да атап өтті. Қазіргі таңда орталықта 300-ге жуық бала кезекте тұр. Егер қаржыландыру көлемі артса, тағы да көп баланы қамтуға дайын.

Ата-аналар да жаңа жүйенің тиімділігін сезініп отыр. Қызын бірнеше жылдан бері аталған орталыққа қатыстырып жүрген қала тұрғыны Светлана Куроедова мемлекеттік тапсырыстың қолжетімді екенін айтады.

– Қызым Алиса төртінші жыл қатарынан осы орталықта шығармашылығын дамытып келеді. Бұрын «Арт спорт» бағдарламасы арқылы тіркелген едік, кейін жана жүйеге ауыстық. Ваучер алу, платформаға тіркелу жолдарын мамандар егжей-тегжейлі түсіндіріп берді. Ешқандай қиындық болған жоқ, – дейді ата-ана.

Бала қызығушылығы мен мүмкіндігін алдыңғы орынға қойған бірыңғай мемлекеттік тапсырыс – заман талабына сай жүйе. Ендігіде бала бағбандарына қосымша білім беру бұрынғыдай қолжетімсіз емес, нақты әрі ашық мемлекеттік қолдауға айналды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ОҚУ ОРДАЛАРЫНДА

Жасанды интеллект: бүгіні мен болашағы

Қазіргі таңда жасанды интеллект – қоғамдағы көп талқыға түсіп жатқан тақырыптардың бірі. Сонымен қатар, барлық салаға дендеп еніп келе жатыр. Білім беруде, денсаулық сақтауда, қаржы саласында жұмысты жеңілдетуге, автоматтандыруға, күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Токаев Үкіметке жасанды интеллект саласын жан-жақты дамытуға тапсырма берген болатын.

«Біздің елімізде жасанды интеллект қауіпсіздік, медицина, банк қызметтері, логистика, білім беру сияқты салаларда табысты қолданылады. Осы технологияларды енгізумен айналысатын мықты компаниялар пайда болып жатыр. Сонымен қатар, индустрияны табысты дамыту үшін мемлекеттің кешенді қолдауы қажет. Біз деректер мен технологиялық инфрақұрылымға ортақ қолжетімділікті қамтамасыз ететін экосистеміні құруымыз керек», – деді Президент.

Соңғы уақыттарда ЖИ мүмкіндіктері мен қауіптері жиі талқыланды. Бұл, ең алдымен, ел нарығындағы өзгерістерге алып келуі мүмкін. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2030 жылға қарай елімізде 5 саланың қызметтерін «жасанды интеллект» алмастыратынын айтқан. Министрлік мәліметінше, болашақта ауыл шаруашылығына қорап ораушылар, құрылыста шыны кесушілер, машина жасауда қоймашылар қажет болмайды. Бұл өз кезегінде «адам еңбегі қажет болмай қала ма?» деген сұрақты алға тартады. Сонымен қатар, дербес мәліметтердің қауіпсіздігі, алгоритмдердің әділеттілігі, шешім қабылдаудағы жауапкершілік секілді этикалық мәселелер де күн тәртібінен түспей отыр.

Жасанды интеллекттің болашағы – адамзаттың оны қалай қолдана алатынына тікелей байланысты. Егер біз ЖИ-ді тек пайда табудың немесе бақылаудың құралы ретінде емес, адам дамуына қызмет ететін серіктес ретінде қабылдай алсақ, оның

мүмкіндігі шексіз. Болашақта жасанды интеллект ғарышты игеруге, климаттың өзгеруін болжауға, күрделі ғылыми жаңалықтар ашуға жол ашуы ықтимал. Ол адам ақылын алмастырмайды, керісінше, толықтырады.

Осы орайда, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Көлік, логистика және инженерлік экономика факультеті, Қазақ тілі және мәдениет кафедрасының профессор-оқытушылар құрамының ұйымдастыруымен университетішілік «Жасанды интеллект: бүгіні мен болашағы» тақырыбында пікір сайыс өтті. Аталмыш іс-шараға білім алушылар, оқытушылар және IT саласына қызығушы жастар қатысып, жасанды интеллект технологияларының қазіргі даму қарқыны мен болашақтағы ықпалы жөнінде өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Пікір сайыс барысында қатысушылар AI-дің білім беру, медицина, бизнес және құндылық өмірдегі мүмкіндіктерін талдап, оның артықшылықтары мен қауіптері туралы пікір алмасты. Кейбір білім алушылар AI адам еңбегін жеңілдетіп, инновациялық шешімдерге жол ашатынын айтса, енді бір топ өкілдері этикалық мәселелер мен қауіпсіздік талаптарының өзектілігіне тоқталды.

Шара соңында ұйымдастырушылар жасанды интеллект туралы қоғамдық түсінікті арттырудың маңызын, сондай-ақ, осындай пікірталастардың жастардың сыни ойлау дағдысын дамытуға үлес қосатынын атады.

А.ЖАЛДЫБАЕВА,
А.КЕНЖЕБЕКОВА
Әбілқас Сағынов
атындағы Қарағанды техникалық университетінің оқытушылары

• СЕМИНАР

Тәрбие һәм тәжірибе түйісті

Бүгінде өскелең ұрпақтың рухани дамуына, кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға және қоғамдық құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталған жүйелі жұмыстар лек-легімен жүргізіліп келеді. Соның айқын бір көрінісі – «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында аймақта жүзеге асырылып жатқан «Балалар кітапханасы» жобасы. Осы жоба негізінде Қарағандыдағы №2 арнайы мектеп-интернатында облыстық тәжірибе алмасу семинары өтті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тәжірибе алмасу семинары облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылды. Бас қосудың басты мақсаты «Балалар кітапханасы» жобасының тиімді тәжірибелерін кеңінен тарату, облыс мектептері арасындағы әдістемелік ынтымақтастықты нығайту және балаларға кітап оқу мәдениетін қалыптастырудың жаңашыл тәсілдерін ортаға салу.

Семинар барысында тәрбие жұмысына кітапхананы кіріктіру жолдары, оқушылардың қызығушылығын арттыратын шығармашылық форматтар, сондай-ақ,



қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік құндылықтарын насихаттаудағы үздік әдістемелер жан-жақты талқыланды. Әсіресе, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысының мазмұнына айрықша назар аударылды.

– Біздің мақсатымыз – баланы тек біліммен қамту емес, оны рухани тұрғыда тәрбиелеу, кітапқа, өнерге, қоғамға жауапкершілікпен қарайтын тұлға ретінде қалыптасуы. «Балалар кітапханасы» жо-

басы осы бағыттағы жұмыстарды жүйелеп, тәрбие үдерісіне жаңа мазмұн әкеліп отыр, – деді мектеп-интернат директоры Эльмира Амандыкова.

Бүгінде «Балалар кітапханасы» жобасы аясында білім ордасы облыстағы бірқатар кітапханалармен тығыз әріптестік орнатып, жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. №2 арнайы мектеп-интернатында кітап оқуды шығармашылықпен ұштастырған бірнеше театр үйірмесі жұмыс

істейді. Бұл үйірмелердің барлығы оқушылардың жас ерекшелігі мен мүмкіндігін ескере отырып, кітапқа қызығушылығын арттыруға, көркем ойлауын дамытуға және әлеуметтенуіне бағытталған.

Атап айтқанда, «Браво» драма театры көркем әдеби шығармаларды сахналау арқылы оқушылардың актерлік шеберлігін жетілдірсе, «Силуэт» көлеңке театры ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қиялын дамытып, қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал, мектеп-интернаттың ең кішкентай тәрбиеленушілеріне арналған «Айналайын» жастықтар театры ертегі әлемі арқылы баланың сенсорлық қабылдауын, тілдік қорын және эмоционалдық дамуын қолдайды. Орта буын оқушылары қатысатын «Ер Төстік» жасөспірімдер театры қазақ ертегілері мен ауыз әдебиеті арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған.

Қоғамды өзгертетін үлкен ұғымдар кейде қарапайым дүниеден басталады. «Балалар кітапханасы» жобасы да қоғамның оң бағытқа қарай дамуына қарлығаштың қанатымен су сепкендей болсын әсер етері кәдік.

Суреттер
№2 мектеп-интернатынан



• ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ

«Халық жауы» атанған редактор

Философияда кездейсоқтық пен қажеттілік деген егіз заңдылық бар. Мәнісін тәптіштеп түсіндірмей-ақ қояйын. Әрбір сауатты азамат мұны білуі тиіс. Қарапайым тілмен айтқанда кездейсоқ ештеңе болмайды, оның себеп-салдары мен кейде қажеттілігі де болады...

Баянның батыл қаламгері

2020 жылдың соңында Баянауыл тумасы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, кезінде Қарағанды кооператив институтының (қазіргі Қарағанды экономикалық университеті) ректоры болған Талғатбек Әбдіраззақовтың (1920-2015) туғанына 100 жыл толуына байланысты өмірлік жары Мәліп Шәріпованың өтініші бойынша мақала жазып, Баянауыл ауданының «Баянтау» газетіне жариялау үшін жіберіп едім, жарқыратып түрлі-түсті етіп 2021 жылғы 23 қаңтардағы 6-санына жариялапты. Мектептегі ұстазым, Төкеннің адал жары, ол да баянауылдық Мәліп Шәріпова апай өте риза болды (ол кісі былтыр 97 жасында өмірден озды). Редакция жігіттерінен газеттің бір данасын салып жіберуді сұраған едім, мұндай тамаша болмас па, сол жылы газеттерінің тоқсан жылдық торқалы тойы болайын деп жатыр екен. Ал, маған жіберген санында бас редакторы, талантты жас ақын Еламан Қабдылешімнің «Сарғайған газет сөйлесе» деп аталатын газет тарихына арналған материалдар циклының үшінші мақаласы шығыпты. Мен кезінде Орталық Қазақстан өңірі баспасөзінің тарихын зерттеумен айналысып, ғылыми журналдар мен өз газетімізге бірнеше мақала жариялағаным бар.

Баянауыл ауданы 1936 жылы орталығы болашақ ірі өндіріс ошағы – Қарағанды қаласы болып, жаңа облыс құрылған тұста осы аймаққа қараған еді. Бір керегі болар дегендей және 37-нің қасіретіне тағы бір мысал болсын деген ниетпен Қарағанды облыстық мемлекеттік архивінен Баянауыл газетінің жауапты редакторы Уәлиевке қатысты «Об Уәлиеве» (30-жылдардағы қазақ-латын алфавиті бойынша Uvaliev деп жазылатындықтан орысша транскрипциясы Увалиев болып кеткен) деген обком бюросының 1937 жылғы 15 шілдедегі №15 а хаттамасын көшіріп алған едім. Онда газет редакторына мынадай «кіні» тағылған екен (құжаттарды аудару кезінде стилі мен баяндау мәнері өзгеріп кететіндіктен сол түпнұсқасында бермекпін): *1. «За пропаганду в передовицах районной газеты «Ленин туы» контрреволюционного троцкизма, отсутствия борьбы с врагами народа Жанабековым, Избасаровым – как неслабосуживающего политического доверия Увалиева исключить из рядов партии»*. Ауыр кінә. Мұның арты әдетте жұмыстан шығарып, ісін НКВД жетдеттерінің қолына берумен аяқталды.

Ал, тура бір айдан кейін обком бюросы газеттің жаңа редакторын бекітеді, ол туралы бюроның 1937 жылғы 15 тамыздағы №26 хаттамасында мынадай жолдар бар: *«т. Минбаев Сары утверждён редактором Баянаульской районной газеты «Ленин туы» (прислан ЦК КП(б)К)»*.

Сондықтан, Еламанның алғашқы екі мақаласын да сұратып алып, газет тарихы, редактор болған Уәлиевтің тағдыры туралы не жазғандарын білгім келді. Сөйтсем, аудандық газет қызметкерлері төл басылымының қасіретті жылдарғы тарихынан бейхабар болып шықты.

Газет тарихына арналған «Латын қарпімен жазылған тарих» (17.06.2021 ж.) деген 2 мақалада тұтас бір кезең туралы 6-ақ жол берілген: «Аудандық «Ленин туы» газеті 1931- 1939 жылдары латын қарпімен шығып тұрды. Ғалым Малдыбаевтан кейін газет редакторы Жамақ Уәлиев болып, ол редактор болып 1932-1933? жылдары қызмет етті (Уәлиевтің есімі Жамак екенін сонда ғана білдім. А.Ж.). Ал 1934 жылғы – Сары Мынбаев, 1935- 1940? жылдары Хасанат Ысқаков редактор болды». Сонан кейін редакция мұрағатында сақталып қалған басылымның 1933 жылғы екі саны талданады. Бар болғаны осы.

Газет қызметкерлері Алматыдағы Ұлттық кітапхана қорындағы газеттің аз да болса тігінділеріне назар аудармаған. Мәселен, 1934 жылы газет редакторы ретінде Ж.Уәлиев басылымның 75-ші (7 қараша), 81-көйшы (5-30-желтоқсан) сандарына қол қойған. Содан 1938 жылға дейін мәлімет жоқ. Ал жаңағы аты аталған Х.Ысқаков ақсақал «Жеңіс» деп аты өзгерген өздерінің газетінде 1976 жылдың 31 тамызында жарияланған «Биік белес» деген естелігінде: «Мен «Ленин туы» газетінің аппаратына 1933 жылы келіп орналастым. Менің алдымда алғашқы редакторлары болған Мағзұм Әбдірахманов пен Ғалым Мәлімбаев қызмет қайы ауысып басқа жаққа кеткен екен. Маған аудандық партия комитетінің бюро мүшесі Жамақ Уәлиевпен және Сары Мынбаевпен бірге қызмет істеуге тура келді», дейді. Осы газеттің 70-жылдардағы редакторы Шүкірат Шалбай былай еске алады: «Алғашында бұл газетті Ғалым Мәлімбаев, соғыс жылдары Смағұл Торғаев, Елубай Сағынаев деген азаматтар басқарған» («Егемен Қазақстан, 24 қыркүйек 2011.ж.). Ол Жамақтың есімін мүлде еске алмайды.

Бұған таңдануға болмайды. «Орталық Қазақстанда» (ол кезде «Қарағанды проле-



тариаты») 1934-1936 жылы қалалық газеттің редакторы, ал оның алдында республикалық «Социалды Қазақстан» редакторының орынбасары болған Сейілбек Үсенов деген арысымыздың атын қатар жұмыс істеген Мінаж Жармұхаметов, Қали Садықов деген ардагер журналистер өз естеліктерінде атамайтын. Сөйтсек, ол кісі 1936 жылы Қызыл-жарға ауысып, облыстық «Ленин туы» газетінің редакторы болып тұрғанда 1937-нің сұрапылында жазықсыз жапа шегіп, атылған екен. «Халық жауларының» аттарын ол кезде асқан сақтықпен ғана еске алысатын. Әрі көп уақыт өткендіктен ақсақалдар редактор болған азаматтардың ретін шатастырып отыр деп ойлайдым.

Аудандық газет редакторының басына қара бұлт облыстық «Қарағанды пролетариаты» газетінің 1937 жылғы 5 шілдедегі санында жарияланған «Баяндағы тап жаулары және оған ымырашылық істеуші райком секретарлары» деген сын мақаладан кейін үйіріле бастаған. Бұл мақаланың көшірмесін Алматыдағы Ұлттық кітапхана қорынан түсіріп алған едім. Мақалада аудандық газет редакторы Уәлиевке саяси сауатсыз деген жала жабылып, Жәнібеков, Ғатаулин, Избасаров, Оралдиев сынды азаматтарды қолдап, сөзін сөйлейді, газеттің бас мақаласында солардың контрреволюциялық сөздерін жариялап отырған деген айып тағылады. Бұлар кейін атышулы «Қарағанды ісі» бойынша айыпталып, ату жазасына кесілген арыстар еді.

Біздің қолымызда сол бір қасіретті жылдардағы газет тігінділері жоқ. Алматыдағы Ұлттық кітапханада Баянауыл газетінің 1937 жылғы тігіндісі сақталмаған. «Саяси қате» жібергендіктен жойылуы да мүмкін. Сондықтан, басқа басылымдардың айыптаулары арқылы ғана газеттің алған бағытын топышлай аламыз. Біздің ойымызша Баянның батыл редакторы өз газетінде арыстардың бірде-біреуін кінәлап, айыптамайды. Қайта демократиялық қоғамға тән кейбір ұсыныстарын жариялап та жіберген. Тарихшы ғалым, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің 1974-1982 жж. редакторы Рамазан Сағымбеков ағамыз Қарағанды облысында репрессия жылдары аса қаталдықпен өткенін, талай арыстардан, қаламгер-редакторлардан айрылғанымызды жазған болатын. Баянауыл ауданы қарамағына қосылғаннан кейін Қарағандының орыс, еврей, жағымпаз қазақ басылылары (Пинхасик, Абрамович, Бейсенов, т.б.) қазақи ауданға қырғидай тиді. Жоғарыда аталған, қуғын-сүргінге себепші болған мақаладан кейін енді орыс тіліндегі шолу мақалада мынадай «баға» беріледі: *«В ряде мест районные газеты были засорены классово-враждебными элементами, троцкистами, национал-фашистами. Редактором баян-аульской районной газеты оказался ярый национал-фашист Увалиев, который подобрал в аппарат редакции и в ряды рабселькоров «своих» людей». Отсюда становится понятным почему баян-аульская районная газета абсолютно ничего не сделала по разоблачению и изгнанию врагов народа, которых было в районе не мало»* («Соц. Караганда», 6.10. 1937 г.)

Сөйтіп, бұлтартпас архив құжаттары арқылы Баянауыл аудандық газетінің алғашқы екі редакторының (Ж.Уәлиев 1932-37 жж., С.Мынбаев (1937 жылдан) қызмет атқарған жылдарын анықтап алып, аудандағы әріптестеріме «бұлақпаз қалай?» деп телефон шалсам, ол жақтығылар маған кеудесі орден, медальға толы және астында Ж.Уәлиев, 1932-1933 жж. деген жазуы бар өз мұрағаттарынан алынған фотосуретті салып жіберіпті.

Алақай, сонда Жамақ Уәлиев 37-нің қанды қырғынынан аман қалып, соғысқа қатысқан екен ғой. Және қалай соғысқан! Нағдаларын ұлғайтып қарап, жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз», «Қызыл Ту» және 3-дәрежелі «Даңқ» ордендері екендігін анықтадым.

Обалы нешік, павлодарлықтар да жапа шеккен редакторының тағдырын анықтап бастаған екен. Ойда жоқта 2020 жылы Павлодар облыстық С.Торайғыров атындағы кітапханасына Жамақтың бауырына басқан қызы, ҚР мәдениет қайраткері, Май ауданының Күрметті азаматы Бәтес Шайхина жауынгер Жамақтың туған әкесі Мыхшиев Шайхыға 1944 жылғы 18 желтоқсанда майданнан жолдаған хатын, өзі тұратын Май ауданының «Шамшырақ» газетінде «Екі әке – екі дос, болмаса шынайы достық туралы»

деген 2015 жылғы 25 сәуірде жарияланған естелігін және жауынгердің жоғарыда аталған фотосуретін тапсырыпты. Кітапхана қызметкерлері «Баянтау» газетінің редакциясымен хабарласып, редакторы Еламан ақын сол хатты оқып беріп, Инстаграм парақшасына орналастырады. Бұл өздерінің газетінің тарихына қосылған үлкен үлес еді.

Естелігінде әкелерінің достығын Бәтес ханым жыр қылып жазады: « Бұл екі адамның туыстығы жоқ, бірақ туыстан да артық адал дос болған адамдар. Екеуінің достығы, досқа деген адалдығын айтсақ, бүгінгі жас ұрпаққа өнеге болары сөзсіз. Екеуі де кезінде Павлодар облысы Бесқарағай ауданында дайындау саласында (система заготовок) бірге қызметтес болған, көрші тұрған. Өкінішке орай Уәлиев Жамақ ағаның артында жәкын туыс, ұрпағы қалмаған. Ол кісінің ұрыс даласында жүрген жолдары, әскери шені туралы мәліметтерден хабарым жоқ.



Сол себептен Ресейдің Подольск қ. орталық архивіне сұрау салып, хат жазған едім, әлі жауап ала алмай отырмын...1943 жылдың 20-шілдеcінде мен дүниеге келіппін. Әкем Жамақ ағам менің дүниеге келгенімді айтып, қуаныш хат жазады. Сонда Жамақ ағам Бибізия тәтем екеуінің балалы бола алмай-тытынын айтып, «Мен соғыстан аман оралсам Бәтесті маған бересіңдер», деп әкеме қолқа салған екен. Әкем де, анам Биша да сонда «Тек жер бетінде тірі жүргенін білсек болды, бала сенікі. Өзің аман орал», деген екен.

Сол соғыстан Жамақ ағам елге оралып, Семейрда әкеммен көрші тұрып, мені бауырына басқан көрінеді. Өкінішке орай, соғыста алған ауыр жарақаттарының салдарынан көп ұзамай қайтыс болып кетеді. Бибізия тәтем біраз жылдан кейін бір алыс жамағайын туысына тұрмысқа шығып, бұрынғы Ермак, қазіргі Ақсу қаласына көшіп кетеді. Алғашқы кезде бір-екі рет қонаққа барып жүрдім, кейін қарым-қатынас үзіліп кетті. Қазір хабарсызбым...».

Қазақ жауынгерінің көзсіз ерліктері

Дегенмен, жауынгер-редактордың өмірбаянында ақтандақ тұстар әлі де көп еді. Зерттеу жұмысын енді осы жолдар авторы қолға алды. Алдымен Ресейдің Ұлы Отан соғысының батырларына арналған «Память народа» сайтына шығып, Жамақ Уәлиевті іздедім. Соғыс жылдары қазақтардың аты-жөндері бұрмаланып, дұрыс жазылмағандықтан сайттан керек кісінді тауып алу оңай шаруа емес. Тегін бірде Увалиев, бірде Нелюдов толтырады: *«Отделению разведки поставлена задача разыскать брод. Тов. Уалиев назначен старшим этой группы, разыскав брод, доложить командованию полка. Подразделения полка с хода после совершения марша форсировали реку. В бою 25.7. 44 г. привел 18 пленных и доставил их в штаб полка. За проявленное мужество и отвагу достоин правительственной награды ордена «Славы III степени». Командир 52 гв. ав. полка гвардии майор Нелюдов. 13 августа 1944 г.»*.

Келесі марапаты – солдаттар құрамының ең жоғары айрықшалау белгісі – 3-дәрежелі «Даңқ» орденін барлаушылар бөлімшесінің командирі бір ұрыста 18 немісті тұтқынға түсіргені үшін алған екен. Бұл жолы марапат қағазын полк командирі гвардия майоры Нелюдов толтырады: *«Отделению разведки поставлена задача разыскать брод. Тов. Уалиев назначен старшим этой группы, разыскав брод, доложить командованию полка. Подразделения полка с хода после совершения марша форсировали реку. В бою 25.7. 44 г. привел 18 пленных и доставил их в штаб полка. За проявленное мужество и отвагу достоин правительственной награды ордена «Славы III степени». Командир 52 гв. ав. полка гвардии майор Нелюдов. 13 августа 1944 г.»*.

Тағы бір құжатта Ж.Уәлиев 1945 жылғы 9 наурызда ауыр жарақат алуына байланысты госпитальға жіберіліп, саптан шығып қалғандығы көрсетілген. Және соғыс аяқталған тұста «За боевые заслуги» деген медальға ие болады. Кеудесінде гвардия белгісі де жарқырайды. Жерлестерінің 7 наградаға ие деп жүргендері осылар болса керек. Қайсар жауынгердің ұрыс даласындағы ерліктері осылай бізге мәлім болды. Ал оның бейбіт жылдағы еңбектерін, не үшін жазаланып, қалай ақталғаны бізге әлі мәлім емес еді. Сол үшін Қарағанды облысы бойынша ҰҚК, ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитеті департаменттеріне, Павлодар және Абай облысы мемлекеттік архивтеріне, Абай ауданы Бесқарағай ауданы әкіміне әр уақытта хат жазып, жауаптарын сарыла тосуға тура келді.

Павлодардың облыстық архиві Уәлиев Жамақтың Баянауыл аудандық газетінің редакторы қызметіне 1932 жылдың 1-тамызынан кіріскенін, аупарткомның пленум мүшесі болып 1932 жылдың 20 желтоқсанында сайланғанын, аупарткомның бюро мүшесі болғанын, 1937 жылдың 1 шілдесі-

контрольного пленного в районе Хлутино. В 13.00 19.02.44 г. по тропе, идущей в район Хлутино, сделали засаду и в то же время заняли круговую оборону. 3 немца, идущие в головном отряде, ворвались в расположение засады. Уалиев открыл автоматный огонь по противнику. Одного из них ранило. Противник продолжал вести сопротивление, но граната заставила гитлеровца замолчать. Забрав документы, которые свидетельствовали о количестве противника и его вооружении, Уалиев доставил их в штаб полка. Достоин награждения орденом «Красная звезда». Командир 52 гв.п. гв. майор Сацюк. 21 февраля 1944 г.».

Мұнан кейін барлаушылар тобы Владимир-Волыньск ауданының Лиски, Писажева волы елдімекендері жолдарына өтіп кету тасырмасын алады. Мұндағы асқан ерлігін тағы сол гвардия майоры Сацюк Отанның мәртебелі наградасы – Ленин орденінен

нен «халық жауы» ретінде партия қатарынан шығарылғанын дәлелдеп архивтік анықтама берді. Архивте жеке басының құжаттары сақталмаған екен.

Ал Абай облыстық архиві Ж.Уәлиевтің соғыс алдындағы жеке құжаттарының 11 беттен тұратын көшірмесін салып жіберіпті. Біздің ойымызша Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1938 жылғы 14 ақпандағы жарлығымен Баянауыл ауданы Павлодар облысының құрамына алынғаннан кейін Уәлиев ісі қайта қаралады. Өз қолымен жазған анкетасында журналист ағамыз мұнан кейін Каганович аудандық газетіне редактор болғанын, 8 ай тұтқында ұсталғанын, бірақ сот арқылы ақталғанын жазады. Апелляцияға беріп, партия қатарына қайтадан кандидат болып қабылданады. Сөйтіп батыл редактор өз намысын қорғап қалып, «халық жауы» деген қарғыс атқан құтылып, соғыс басталғанша Семейрск жүн дайындау мекемесінің менгерушісі қызметін атқарады.

Елге оралған жаралы жауынгердің тағдырын бауырына басқан қызы Бәтес Шайхинаның жоғарыда аталған естелігінен білуге болады. Менің осы жылғы 21 қаңтарда жіберген хатыма Бесқарағай ауданы әкімінің орынбасары С.Назаров берген жауапта мынадай жолдар бар: «Ауданға келген ҰОС жауынгерлерін есепке алу кітабындағы (реттік нөмірі №22), 1945 жылдың 29 тамыздағы №60 жазбасында кіші сержант шеніндегі 1905 жылы туған Уалиев Жамақ Семейр ауылына келген. Әскери қызметке жарамды, 25 гвардиялық кавалерия полкі деп көрсетілген». Аудан басшылығы, аудандық қорғаныс бөлімі, аудандық газет пен кітапханасы жерлес батыр туралы еш хабарсыз болып шықты.

Батыр деп атауға тура келеді. Интернеттен оқыдым, Ресейдің бір телеарнасы («ВИД») «Уәлиев деген кісі Қызыл Ту орденін алыпты ғой. Бұл асқан ерлік үшін беріледі», деп іздеу салған екен, бірақ ешкім құлақ аспапты. Сөйткен ердің есімі Бесқарағай ауданы орталығында Ұлы Отан соғысына қатысушылар құрметіне орнатылған мемориалдық кешенде жазылмапты. Қысқаша өмірбаяны Павлодар және осы аудан құрамына берілген Семей (қазіргі Абай) облыстарының Ұлы Отан соғысына қатысушыларына арнап шығарған том-том кітаптарына да енгізілмеген. Мұны маған Павлодар облыстық ардагерлер кеңесіндегі әріптесім, жауапты хатшысы Валентина Шершнева мәлімдеді. Бұл қалай? Ұрыс даласында көзсіз ерлік көрсеткен жауынгердің есімі неге ұмыт қалған?

Ерлігі ескерілсе екен...

Көмек ойда жоқта Павлодар жақтан келді. Семейліктерден еш қайыр болмаған соң (бесқарағайлық шенеуніктің жауабын көңілдіздер, менің сауалдарыма құлақ асқан да жоқ) Г.Потанин атындағы Павлодар тарихи-өлкетану музейінде Ж.Уәлиев туралы экспонат бар екенін Интернеттен көргеннен кейін осы мекемеге Халыққа қызмет көрсету орталығы (ЦОН) арқылы сұрау салдым. Мәселелен айналасқан музей қызметкері Әлия Жомартова Жетіжардың тумасы болып шықты. Ол кісі дереу Жетіжардың сайтына жазып, іздеу салды. Ешкім білмейтін болып шықты. Тек Чермаев Болатбек деген азамат шешесінің қасында шөп басып, шөгіп кеткен мола бер екенін айтады. Анықтап қараса «Уалиев Жамак иеет 7 наград» деген жарылып тұрған ескерткіш тасты анықтайды. Сөйтіп аты ұмытылған Бесқарағайдың батырының бейіті осылай табылады. Мектеп директоры Тимур Зияданов, ауыл әкімі Д.Жұмагазин бас болып игілікті, иманды іс атқарады. Ауыл азаматтары мен мектеп оқушылары бейіт маңын тазалап, ақша жинап, жаңадан Батырдың суреті басылған әдемі құлпытас орнатады. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында соғыста хабарсыз кеткен және жаңадан мәлім болған Жамақ сынды жерлестерінің құрметіне ас береді. Әлия мұнымен қоймай бауырына басқан қызы, 88 жастағы Бәтесті де тауып алып, телефонмен хабарласады. Ол соғыстан жаралы, контузия болып оралған Жамақ Уәлиев 1947 жылы қайтыс болғанын айтады. Тікелей ұрпақтары болмаған соң мола қараусыз қалып, аты да ұмыт болған екен. Өзі Шарбақтыда тұрады, асқа бара алмайды.

– Аруағы Сізге риза шығар,– деп телефоннан маған сәлем айтып жіберіпті Әлия қарындасым. Айтпақшы, алыс та болса туыстары біле жүрcін деп руы кім екен Жамақ ағайдың, деп те сұрағам. Анық білмеймін, найман шығар, бұл наймандардың ауылы, деді ол.

Сөйтіп, белгісіз батыр туралы деректер жинап, көңілім жай тапты. Бір журналистік ізденіс кезінде алысқа шықпай-ақ Павлодар, Семей, Бесқарағай, Алматы, Қарағанды архивтері мен мекемелеріне хат жазып, телефонмен сөйлесіп, қыруар уақытымды жұмсадым. Жауаптарын зарыға тостым. Оған еш өкінібеймін. Осы іздеулерім жария болып, Батырдың есімі халқына қатып орасла – болды!

Аман ЖАНҒОЖИН, Қазақстанның Күрметті журналисі, «Парасат» орденінің иегері, облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы

СУРЕТТЕРДЕ: жауынгер Жамақ Уәлиев; жерлестері батырдың қабірі басында

• ЖАҢА КІТАП

Руханиятқа тағы бір олжа

Белгілі публицист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы Ақпарат саласының үздігі, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабектің «Сұңқардың көз жасы» атты жаңа кітабының таныстырылымы өтті. Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада өткен іс-шараға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова мен Алаш баласына есімі мәшһүр ақын, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Ғалым Жайлыбай бастаған бір топ зиялы қауым өкілдері қатысты.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»



Мемлекеттік тапсырыс аясында шыққан кітапқа Еркін Мұсабектің кейінгі жылдары жазған еңбектері енген. Төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім – «Парасат майданында». «Әлихан әлемі һәм Әділетті Қазақстан» атты еңбегімен басталады. Қазақ халқының заңғар тұлғалары турасында ой толғаған. Екінші бөлім – «Сырашар». Бұл бөлім көлемді сұхбаттардан тұрады. Үшінші бөлім – «Атың барда – жер таны...» деген бөлімде сапардағы қаламгердің жолжазбалары топтастырылған. Соңғы «Тұлғалар» бөлімінде Еркін Мұсабек еліне, жеріне еңбегі сіңген қайраткер тұлғаларға қаламымен құрмет көрсетіп, тағзым етеді.

Іс-шараның жүргізушісі болған филология ғылымдарының докторы, профессор Жансая Жарылғапов кітапқа өзіндік кәсіби көзқарасымен пікір білдіріп отырды.

– Еркін Мұсабек – сан қырлы талант иесі десем, артық айтқаным емес. Өйткені, ол сонау оқушы шағында математика, физика, химия секілді пәндерде озат болды. «Өнер алды – қызыл тіл» демей ме Абай?! Еркін Мұсабек сол шақтарында айтқанда да шықты. Бәлкім сол айтыстан кетпегенде, бүгінде Жүрсін Ерманның жүйрігі болып та жүйрік еді. Күндердің бір күнінде ол өз жолын тапқанын айтты. Жолы – осы публицистика еді. Еркін Мұсабек бұл жолға да келгенде елді елең еткізді. Көркем сөз бойына сіңген, ізденген, таланты мен талабы қатар ұштасқан Еркін Мұсабек публицистикада қанатын кеңінен сермеді. Иә, жазғанында пафос бар. Пафосты өз орнымен, біліммен қолдана білу де керек. Бірақ, Еркін Мұсабек асқан түйсігі, білімі, таланты арқылы ерекшеленді. Көп қаламгерден артық тұсы осы еді. Еркін Мұсабек облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне келгелі, басылымның тың тынысы ашылды. Қоғамның бет алы-

сын, райын бұрынғы сүрлеулерден өзгеше аңдаған, талдаған танымдық материалдар молынан жарық көре бастады, – деді Жансая Жарылғапов.

Жаңа кітаптың таныстырылымына облыстық мәдениет және құжаттама, архивтер басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы келіп, лебізін білдірді.

– Құрметті кітапсүйер қауым! Кім қандай кәсіптің тізгінін ұстаса, сол кәсіптің идеологияға айналдыратын заманда өмір сүріп жатырмыз. Осындай заманда даралардың көзайнегі – кітап. Осы арқылы адам өзінің бағытын анықтайды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Кітап оқитын ұлт» идеясын көтерді. Қарағанды осы жобаны пилоттық негізде қабылдаған өңір. Абай оқуларын және Бөгенбай батыр жырларын облыс бойынша жаттаттық. Осы өңірдің көзі, құлағы һәм тілі – «Ortalyq Qazaqstan» газеті болса, Еркін ағамыз сонда қарымды қаламгер ретінде елдің дамуына, өркендеуіне үлес қосып келе жатыр. Үлкен ұжымды басқара отырып, осындай туындыны назарларыңызға ұсынып отыр. Мағыналы әрі мәнді дүниелер жазуда қаламыңыз сарқылмасын, – деді Ғалымжан Өтелбайұлы.

Кітаптың лентасын киноға Рымбала Омарбекова, Ғалым Жайлыбай, еңбек ардагері Қанат Отарбаев, Мағауия Сембайдың жары Мейраш Ұзақбайқызы шықты.

Ғалым Жайлыбай Еркін Мұсабектің азаматтық тұлғасына жоғары баға беріп, шығармашылығына пікір білдірді.

– Еркін Мұсабек бізге өзінің шығармашылығымен, азаматтық тұлғасымен аяулы. Алдыңғы толқын ағаларға тәуір іні бола білді. Бүгінде өзі де соңынан іні ерткен аға, шәкірт тәрбиелеген алдыңғы толқынның белді өкіліне айналды. Қазақ руханиятына қалтқысыз қызмет еткен кешегі мүйізі қарағайдай қаламгерлердің



• ОҚЫДЫҚ, ПІКІР АЙТАМЫЗ!

Рух пен парасат үніндей

Қазақ руханиятының кеңістігінде соны бір серпін, тың бір тыныс белгілі публицист Еркін Мұсабектің «Сұңқардың көз жасы» атты ерен еңбегімен қоса келді. Кітап – уақыт пен ұлттың, парасат пен жауапкершіліктің тоғысқан тұсында туған терең толғаныс, ел мен ер, тағдыр мен тәуелсіздік туралы айтары терең туынды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұнда көсемсөз шеберінің қайраулы қаламы қым-қуыт қоғамның ішкі дірілін, руханият айдынының тамыр соғысын дәл сезінген жүректің үніндей. Еркін Кәрібайұлының өзі де, шын мәнінде, қазақ сөзін тірітуші. Жазушы шеберханасындағы әр жолы – көлденең көрініс емес, әсілі, кірленбес кірпіз көңілдің айғағы. «Сұңқардың көз жасы» болса, желемік мұң, ұлттық намыстың, ар алдындағы адалдықтың, ел мен ердің арасына түскен жауапкершіліктің нақышты нышаны. Автор өмірді сыртқарыдан да, ішкеріден бек сезініп, қоғамның күрделі қалыбын адамдық биіктен пайымдайды. Кітаптың алғашқы беттерінен-ақ сөз иесінің ойлау кеңістігі, ішкі мәдениеті мен азаматтық ұстанымы танылады. Ол әр құбылысты тарихи сана сүзгісінен өткізеді, әр оқиғаның түбінен рухани өзек іздейді.

Алаш арысы Әлиханнның әлемінен бастау алған ұлттық әділет идеясы Е.Мұсабек толғаныстарында тірі жүйе ретінде сипатталады. Сөзгер үшін әділет – абстрактілі ұғым дегеніміден гөрі тіршілік-

тің тел тынысы. Ол қоғамдағы кез келген теңсіздікке, ұлт рухын қажытқан құбылысқа қарсы парасат майданын ашады. Мұндағы публицистика – шын мәнінде, рухтың шарайнасы. Құрғақ баяндау, жалаң үгіт жоқ. Керісінше, әр жазба өз заманының куәгері, ойлы адамның азаматтық сөзі іспетті. Еркін Мұсабек оқырманды үйретпейді. Ол үндейді. Үндеген сайын өзінің де әнтек айландырмай қоймайды. Сөздің салмағы қорғасындай, үнінің шынайылығы дүр бұлақтай. «Қасіретте де қасиет бар» дейтін философиялық түйін осы кенен жинақтың сүйекті туындыларынан. Жалпы, ересен еңбектің қай тұсын оқысаңыз да, қайсарлық, табандылық, намыс пен ар дейтін киелі қазақ болмысының өзегін сезесіз.

Сырлы да әсерлі сұхбаттар топтасқан «Сырашар» бөлімі – рухани портреттер галереясы рәуішті. Осы албарда тұлғалар тағдыры арқылы қоғамның бұқпантайлаған жан дүниесінің пердесі ашылады. Еркін Мұсабек осы орайда сұхбат тізгінері емес, сырлас дос. Ол адам жанының ішкі әуенін тыңдай біледі. Кейіпкерлерінің әр сөзі арқылы дәуірдің демін алға тартады. Әңгіме барысында ұлттың



рухани тамыры, ұстаздық ұлағат, өнер мен еңбектің қадірі айышқатала, айқындала түседі. Бөлім құдды адамтану сабағы дерміз мұндайда. Ал, саяхат жазбалары мен салқар да сәмиян сапардағы ордалы ойлары ұлттық сана мен әлемдік өркениеттің диалогына парапар. Туған жер мен бөтен елдің ара салмағы салыстырылып қана қоймай, әр

алуан мәдениеттердің өзара ықпалы туралы терең пайым бедерленеді. Автордың шетел әсерлері өміршең өзгеріске бейімдерлік ой толғам. Еуропаның мұражайынан да, түркі жұртының көне мерекесінен де ол ең алдымен қазақтың ізі мен тағдырын іздейді.

Кітаптың соңғы бөлімі тұлғаларға арналған парасатты ескерт-

кіштей. «Біздің Сәбей», «Қажырлы қайраткер», «Мәңгі шырақ» сынды әр сүйекті макаласының қыр соңында тарлан тарихтың бәдізделген бедері менмұндайды. Е.Мұсабек өз замандастарын дәріптеу арқылы олардың өнегесін келешекке жеткізеді. Әр тұлғаға деген құрмет, кішілік пен ілтипат, сонымен қатар, сындарлы көзқарас бар. Бұл – қаламгердің адамдық биігінің дәлелі. Еркін Мұсабектің тілі айқын әрі салмақты. Ол артық сөзге ұмтылмайды, бірақ, әр сөйлемнің өз жүгін арқалата біледі. Баба тілінің шұрайы мен публицистикалық нақтылық үйлескен стиль оның қаламына тән айрықша қолтаңба. Тілдік қолданысы көркем, бірақ, жасанды емес; ойы өткір, бірақ, арандатпайды. Әрбір сөзінен ұтқыр ұстын һәм ұлтқа деген інкәріні аңдалады.

Еңсегей еңбектің түп мәні ой тереңдігінде. Автор қоғамға сын айтпайды, оны сараптайды. Ол адамның өз-өзіне сурақ қоюын қалайды. «Біз кіміз?», «Қайда барамыз?», «Өткеннен не алдық?» деген мәңгілік сауалдар осы жинақтың өзегін құрайды. Автор үшін қоғам – өздігінен түзеле салатын жүйе емес, әр адамның ішкі жан мәдениетіне тәуелді тірі ағза. Сондықтан, оның әр жазбасы – өз оқырманын жауапкершілікке шақыратын мәйекті мензеу. Философиялық тұрғыда алғанда, «Сұңқардың көз жасы» – уақыт төре алдындағы есеп. Әр кітап асылында ұлттың жады. Ал, мұра-

Qazaqstan» газетіне қатардағы тілші болып келді. Сол күннен қаламы қарымды, тілі орамды, ойы жүйрік екенін байқадық. Кейіннен жауапты хатшы, редактордың орынбасары қызметіне көтерілді. «Ortalyq Qazaqstan» газетінің ұжымын басқарған Еркіннің публицистикасы қара өлеңдей оқылатын тілі орамды шығармаға толы, – деді Сүйіндік Жанысбай.

Мінберге қаламгердің туған өлкесі Жаңаарқадан және Шет, Нұра, Ақтоғай аудандарынан өкілдер келіп, елдің сәлемін жеткізді. Жаңаарқа мен Шет ауданы авторға бір-бір ат мінгізді.

Кеш соңында оқырман мен автор арасында еркін сұхбат өрбіді. Оқырман тарапынан «кітапқа неге «Сұңқардың көз жасы» деген тақырып қойдыңыз?» деген сурақ түсті.

– Кітаптағы 1986 жылы тоталитарлық жүйенің құрбаны болған елге танымал қайраткер тұлға Мейрам Абақанов туралы көлемді эссенің тақырыбы «Сұңқардың көз жасы» болатын. Эссенің тақырыбын кітапқа айдар етіп алдық. Кітапта Қазақстанға және елге танымал тұлғалардың портреттік макалалары және сұхбаттары бар. Ел менен осыдан да үлкен шығарманы күтіп отырғанын білемін. Қазіргі таңда проза жанрына қарай қалам сілтеуге кірістім. Алдағы уақытта прозалық жинағымен де оқырманмен қайта қауышамын деп ойлаймын. Жүрген жерімде тектілер галереясын жасауға ұмтылып жүремін. «Арқаның алтын адамы» атты тектілер галереясын жобасын жасау ойымда бар, – деді Еркін Мұсабек.

Мемлекеттік тапсырыс аясында шыққан кітап республика бойынша барлық кітапханаларға тарайды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ҚҰҚЫҚ

Бұзушылық үшін – айыппұл

Қазақстанда 12 шілдеден бастап қоғамдық орындарда адамның бет-жүзін жасырып, жеке тұлғаны анықтауға кедергі келтіретін киімдерді киюге тыйым салатын заң қолданысқа енгізілді. Бұл норма Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» Заңының 21-4-бабында бекітілген.

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, аталған шектеудің негізгі мақсаты – қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыру және азаматтардың жеке басын, оның ішінде бейнебақылау жүйелері, арқылы жедел анықтау мүмкіндігін қамтамасыз ету. Сонымен қатар заңда ар-ождан және діни сенім бостандығына ешқандай шектеу қойылмайтыны атап өтіледі.

Тыйым балаклава, бетперде, никаб және адамның жүзін толық жауып, оны тануға мүмкіндік бермейтін өзге де киім түрлеріне қолданылады. Ал бет-жүзді жаппай киімдерді хиджаб, шейла, химар және осыған ұқсас бұйымдарды киюге рұқсат етіледі.

Заңда бірқатар ерекшеліктер қарастырылған. Бетті жабуға қызметтік мақсатта, медициналық көрсеткіштер бойынша, азаматтық қорғау шеңберінде, қолайсыз ауа райы жағдайында, сондай-ақ, спорттық және мәдени іс-шаралар кезінде жол беріледі. Сонымен қатар өндірісте қолданылатын жеке қорғаныш құралдарын противо-

газдар мен респираторларды пайдалануға рұқсат етіледі.

2025 жылғы 3 желтоқсаннан бастап Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілген өзгерістер күшіне еніп, аталған талапты бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленеді. Алғаш рет анықталған жағдайда ескерту жасалады, ал қайталап бұзғаны үшін 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. 2025 жылы айыппұл сомасы 39 320 теңгені құрайды.

Қазақстан Орталық Азия елдерінің ішінде мұндай тыйым енгізген соңғы мемлекет болды. Бұған дейін ұқсас шаралар Қырғызстанда, Өзбекстанда және Тәжікстанда қабылданған.

Дмитрий ПОЛТАРЕНКО,
Қарағанды облысы Діни бірлестіктер клубының модераторы,
«Қазақстанның терроризмге қарсы комитеті» РКБ ҚОФ басшысы

№244

Балқаштық жастар топ жарды



Жуырда Мемлекет басшысы көтерген «Taza Qazaqstan» экологиялық мәдениетті қалыптастыру бастамасын қолдай аясында ұйымдастырылған ұлттық «Tazalyq – Sanadan» жобасы еліміздің түпкір-түпкіріндегі белсенді жастар мен ұстаздардың басын қосты. Ауқымды республикалық байқауда 110 дебаттық клуб бақ сынап, өздерінің азаматтық ұстанымын, экологиялық сауаттылығын және зияткерлік әлеуетін дәлелдеді. Осы додада «Қазақмыс» корпорациясының политехникалық колледжінің «Жұлдыз» интеллектуалды дебат клубы үздіктер қатарынан көрінді. Клуб жетекшісі, арнайы пәндер оқытушысы Елдос Болат ұлттық жоба аясында I орынға ие болып, жоғары кәсібилігін көрсетті. Оның жетекшілігімен дайындалған жас дебатшылар экологиялық мәдениетті насихаттауда белсенділік танытты.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқау қорытындысы бойынша Елдос Болат пен клуб мүшесі Аида Мұқанова Ұлттық Құрылтай аясында өткен салтанатты марапаттау рәсіміне арнайы шақырылды. Мәртебелі жиында жеңімпазға I дәрежелі диплом мен 500 000 теңге көлеміндегі сертификатты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағанбетов табыстады.

– Бұл марапат – «Жұлдыз» дебат клубындағы шәкірттеріміз табанды еңбегінің нәтижесі. Экологиялық мәдениет бір күнде қалыптаспайды. «Таза Qazaqstan» – әр азаматтың өмір салтына айналуды тиіс ұстаным. Біз жастарға осы құндылықты сіңіру жолында еңбек

ете береміз. Біздің жеңіс ортақ мақсаттың айқын көрінісі. Балқаштан шыққан жалынды жастар қоғамдағы экологиялық жауапкершілікті арттыруға болашақта да өз үлестерін қосатын болады. Экологиялық сана – ұран емес, күнделікті әрекет. Осы бағыттағы жұмысымыз алдағы уақытта да жалғасын табады, – дейді Елдос Болат.

Айта кетейік, республикалық деңгейдегі бұл жеңіс балқаштық жастардың әлеуеті жоғары екенін және олармен жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын айқындай түсті.

БАЛҚАШ

Сурет
ұйымдастырушылардан

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Мәдениет өзегі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – бүгінгі таңда мемлекет пен қоғам үшін ең өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, білім беру саласында адалдық қағидаттарын орнықтыру, оқытушылар мен студент жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру айрықша маңызға ие. Бұл бағытта Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде жүйелі әрі кешенді жұмыстар атқарылып келеді.

Қуанта кететін жайт – Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 12 тамыздағы Жарлығымен университетке ұлттық мәртебе берілді. Бұл – оқу ордасының негізін қалаушы, тұңғыш ректор, академик Е.Бөкетовтің туғанына 100 жыл толған тарихи кезеңмен тұспа-тұс келген ерекше оқиға. Ұлттық мәртебе – ұжымның көпжылдық еңбегіне берілген жоғары баға ғана емес, сонымен қатар, білім мен ғылым сапасына, академиялық адалдық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарына сай болуға жүктелген үлкен жауапкершілік.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сыбайлас жемқорлықпен күресті ел дамуының басты басымдығы ретінде бірнеше рет атап өтті. Президенттің 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында айтылған «Заң және тәртіп – мемлекетіміздің мызғымас тұғыры» қағидаты бүгінде барлық сала үшін бағдарға айналды. Ал, 24 қазанда Республика күніне арналған салтанатты жиында Мемлекет басшысы бұл ұстанымды одан әрі нақтылай түсті: «Жемқорлықпен күрессіз Әділетті Қазақстан туралы айту қиынсыз».

Осы идеялар 2025 жылғы 5 қарашадағы Президент Жарлығымен бекітілген ішкі саясаттың негізгі қағидаттарында да көрініс тапты. «Заң мен тәртіп» – құқықтық мемлекеттің іргетасы, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басты алғышарт ретінде айқындалды.

Бұл құндылықтарды қоғамға сіңіруде университет оқытушылары мен ғалымдарының ағартушылық қызметі айрықша рөл атқарады. Жастар саясаты – жоғары оқу орнының негізгі бағыттарының бірі. Университетте патриоттық тәрбие, мемлекеттік



рәміздерге құрмет, жауапты азаматтық мәдениет жүйелі түрде дамытылып, студенттердің волонтерлік және әлеуметтік жобаларға қатысуы ынталандырылуда. Сонымен қатар, девантты мінез-құлықтың алдын алу шаралары да тұрақты түрде жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, тәуекелдерді анықтау және оларды жою – университет қызметіндегі басым бағыттардың бірі. Осы мақсатта бакалавриаттың барлық білім беру бағдарламаларына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері» атты элективті курс енгізілген. Бұл пән студенттердің құқықтық сауаттылығын арттырып, адалдық пен нөлдік төзімділік қағидаттарын берік ұстануына ықпал етеді.

Университетте корпоративтік этика кодексі, Корпоративтік басқару кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, Стандарт, Нұсқаулық, Тәуекелдерді басқару саясаты секілді бірқатар нормативтік құжаттар әзірленіп, қолданысқа енгізілген. Академиялық адалдық және корпоративтік этика жөніндегі кеңестер жұмыс істеп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты мониторинг жүргізіледі.

Маңызды қадамдардың бірі – университеттің 2023 жылғы 19 наурызда Академиялық адалдық лигасына қосылуы. Бұл сапары әрі ашық білім беру жүйесін нығайтуға жол ашты. Сонымен қатар, цифрлық шешімдер бел-

сенді енгізілуде. Соның жарқын үлгісі – университет ғалымдары мен IT мамандары бірлесіп әзірлеген LEGALEXPERT.KZ құқықтық көмек көрсету платформасы. Бұл жоба бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жүзеге асырылып, азаматтардың құқықтарын қорғауға және әділдік қағидаттарын нығайтуға бағытталған.

2022 жылдың маусым айынан бастап, университетте Директорлар кеңесіне тікелей есеп беретін, тәуелсіз мәртебеге ие сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жұмыс істейді. Оның негізгі миссиясы – қызметкерлер мен білім алушылардың заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету, алдын алу шараларын үйлестіру және адалдық мәдениетін насихаттау.

Факультеттер мен бөлімшелерде тұрақты түрде лекциялар, кездесулер, тренингтер, конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізіледі. Студенттер облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдерімен және «Antikor» ағартушылық пулынан шақырылған лекторлармен кездесулерге белсенді қатысады. Комплаенс-қызметі әдістемелік материалдар әзірлеп, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеді.

Университеттің бұл бағыттағы жұмысы «Жастар Әлемі – Мир Молодежи» өңірлік студенттік газетінде тұрақты жарияланып тұрады. Комплаенс-қызметі сыбайлас

жемқорлық тақырыбында алты арнайы шығарылым дайындаған.

Дәстүрге айналған «Таза сессия», «Адалдық сағаты» акциялары, кураторлық сағаттар, интеллектуалды «Брейн-ринг», «AntiParaGraft» интерактивті квест-ойыны, дебаттар, эссе және видеороликтер байқауы – мұның барлығы жастардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған.

Студенттер мен қызметкерлер үшін «Ыстық желі», сенім телефондары, университет басшылығы мен комплаенс-қызметінің блогтары жұмыс істейді. Бұл жедел байланыс пен кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – ең алдымен, құндылық бағдарларын жүйелі қалыптастыруға байланысты. Осы мақсатта университетте әділ, ашық әрі адал орта қалыптастыру үшін ғылыми-білім беру процесінің барлық қатысушыларының күш-жігері бір арнаға тоғыстырылуда.

Василий ОЛЕЙНИК,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы

Сурет Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің баспасөз қызметінен

Мәжит мамандығымен мақтанады



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Жүргізуші болып қырық жылдай машина айдап келе жатқан Мәжит Шоқыбаев осы мамандығымен мақтанады.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шет ауданының бұрынғы «Шет» кеңшарында 1964 жылдың 15 қаңтарында отбасындағы сегіз баланың екіншісі болып дүниеге келген Мәжит жасынан техникаға құмар болып өсті. Ол кешегі Арқа шертпе күйінің көрнекті өкілі Сембек Айдосұлы бабасы сияқты бармағынан күй айналған дәулескер күйші болмады. Не бүкіл саналы дүмырында кеңшардың бас мал дәрмгері болған әкесі Мамайдың, не бухгалтер шешесі Қаданбандұң да жолын қумады. Бар есіл-дерті машинаға отырып ап, соңында будақ-будақ шаң қалдырып, желдей жүйтікпен жүргізуші болу еді. Сол үшін өздері тұратын Қармыс бөлімшесіндегі айналасы екі-үш жүк машиналары жүргізушілерінің жанынан шықпай, олардан білмегенін сұрап, көңілдері түскенде машина рөлін берсе, соны ауыл ішінде әрлі-берлі жүргізгенге төбесі көкке жететін.

Кейін 1981 жылы кеңшар орталығында орта мектепті бітірген ұлдардың біразы әскер қатарына алынар алдында ДОСААФ-тың шоферлер даярлайтын курсы-



на оқуға жіберіп, Мәжит жүргізушілік куәлігін сонда алған болатын.

Содан екі жыл Чехословакиядағы Кеңес әскерлері құрамында әскери борышын өтеп келген бозбала туған жерінде 3-4 жылдай трактор, комбайн, К-700 тракторын да айдап, одан соң машинаның руліне біржола отырды.

Міне,содан бергі қырық жылға тауа уақытта темір тұлпардың құлағында ойнап, тақымы бір бо-

самады. Ауыры, жеңілі бар, бұл тізгіндеп, жүргізбеген көлік түрі жоқ шығар.

Алғаш еңбек жолын өзі туып-өскен ауылында бастаған ол кезіндегі «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігіне қарасты Саран автобазасында, сегіз жылдай вахталық әдіспен Шұбаркөл, Қостанай, Ақтөбе кеңіштерінде 100 тонналық үлкен жүк көліктерін басқарып, трт төкті. Сонда жапондық «Камацу» ауыр жүк көлігін де

жүргізіпті. Бұл көлікке отыруға тек Мәжит секілді 6-класты жүргізушілерге ғана рұқсат берілетіні де оның қандай маман екенін аңғартса керек. Оның осынау көп жылғы еңбегі үшін алған Құрмет грамоталары мен мадақтамалары қаншама.

Осы күні Мәжит отбасымен Абай ауданының Топар кентінде тұрып, осындағы ГРЭС-те бензин тасушы машинаның жүргізушісі болып істеп келе жатқанына да бес жыл. Жұбайы Айтжамал кентте орналасқан аудандық орталық ауруханада медбике болса, көзінің ағы мен қарасындай жалғыз қызы Алуа Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектептің 10-сыныбында оқиды. Ол болашақта әкесі тәрізді жүргізуші емес, анасындай ақ халатты дәрігер болуды армандайды. Ал, Мәжиттің өзі әуелден қалап, тандаған осы мамандығын мақтан тұтады.

– Президентіміз «Жұмыстың жаманы жоқ» дегендей, әркім өзіне ұнаған кәсібімен айналысып, содан нәтиже шығаруы керек. Мәселен, мен машинаға отырып, от алдырып, желдей жүйткі жөнелгенде көңіліме қанат бітіп, жүрегімді мақтанш сезімі кернейді, – дейді майталман жүргізуші Мәжит Мамайұлы.

АБАЙ

Сурет автордан

